

¹Ризаходжаева Г.А.^a, ²Акешова М.М., ²Нышанова С.Т.,
¹Нұрмағанбетқызы Н.

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

ТУРИЗМ САЛАСЫ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ ОҚУ ТУРИЗМІНІҢ РӨЛІ

Ризаходжаева Гульнара Абдумажитовна, Акешова Мадина Мурзахановна, Нышанова Салтанат Тыныбековна, Нұрмағанбетқызы Нұрдана

Туризм саласы мамандарын даярлаудағы оқу туризмінің рөлі

Аңдатпа. Бүгінгі таңда туризм саласы кез келген дамудың даңғыл жолына бет бұратын мемлекеттің экономикасының негізгі секторларының бірі құрайды. Туризмнің түрлі типтері туристік ресурстардың болуы, орналасу және климат сияқты бірнеше маңызды факторларға байланысты әр елде түрліше дәрежеде дамиды. Ал білім беру, оқуды қамтамасыз ету жоғары деңгейде дамыған мемлекеттерде тиісінше туризмнің мейлінше жаңа әрі заманауи сұраныстағы түрі – оқу туризмі қарыштап дамып келеді. Аталмыш мақалада оқу туризмі ұғымы және оның анықтамасы, ерекшеліктері, туристер арасындағы танымалдылық деңгейі жан-жақты сипатталды. Әлем ғалымдарының туризмнің аталмыш түріне берген анықтамасы, пікірлері зерттелді. Оқу туризмінің заманауи туризм түрлерінің ішіндегі айрықша маңызын зерделеу мақсатында Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Туризм» мамандығы бойынша бакалавр деңгейінде білім алатын, шетелде бір семестрлік оқу мерзімі көлемінде білім алып келген бірінші және төртінші курс студенттерінен, сондай-ақ, «Менеджмент және туризм» кафедрасының біліктілік арттыру мақсатында шетелде ғылыми тағылымдамадан өткен оқытушыларынан сұхбат алынды. Сондай-ақ, аталмыш университеттің және Халықаралық туризм және меймандостық университетінің «Туризм» кафедрасының оқытушылары мен студенттерінен онлайн-сауалнама алынды. Сұхбат пен онлайн-сауалнаманың нәтижесінде оқу туризмінің білім алушылар мен оқытушылардың, жалпылай айтқанда, туристер арасында кеңінен белең алып, дамып жатқандығы, оқу мақсатында өзге аймақтарға жүзеге асатын саяхаттардың теориялық білімді тәжірибе жүзінде бекітудегі маңыздылығы дәлелденді, сонымен қатар оқу туризмінің неғұрлым заманауи әрі кең сұраныстағы туризм түрі ретіндегі ерекшеліктеріне сипаттама жасалды.

Түйін сөздер: кадрлар даярлау, оқу туризмі, туристік саяхат, білім алу, тақырыптық экскурсиялар, академиялық мобильділік.

Rizakhoyayeva Gulnara Abdumazhitovna, Akeshova Madina Murzakhanovna, Nyshanova Saltanat Tynybekovna, Nurmaganbetkyzy Nurdana

The role of educational tourism in the training of tourism specialists

Abstract. The tourism sector is one of the main sectors of the economy of the state, going on any path of development. Different types of tourism develop to varying degrees in each country according to several important factors, such as the availability of tourist resources, location and climate. And in countries where education and training provision are developed at a high level, the newest and most modern type of tourism is developing accordingly – educational tourism. This article describes in detail the concept of educational tourism and its definition, features, level of popularity among tourists. Definitions, opinions of scientists of the world on this type of tourism are investigated. In order to study the importance of educational tourism among modern types of tourism, bachelor students of the first and fourth courses of the specialty «Tourism» of the Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University in Turkestan, studying abroad for a semester period of study, as well as teachers of the Department «Management and Tourism» who have completed a scientific internship for abroad for the purpose of professional development, were interviewed. An online survey was also conducted among teachers and students of this university and the Department of Tourism of the International University of Tourism and Hospitality. As a result of interviews and online questionnaires, it was proved that educational tourism is becoming increasingly popular and developing among students and teachers, in general among tourists. The importance of study trips to other regions in the practical consolidation of theoretical knowledge, the characteristics of the features of educational tourism as the most popular type of modern types of tourism were studied.

Key words: train personnel, educational tourism, tourist travel, education, thematic excursions, academic mobility.

Ризаходжаева Гульнара Абдумажитовна, Акешова Мадина Мурзахановна, Нышанова Салтанат Тыныбековна, Нурмаганбетқызы Нурдана

Роль учебного туризма в подготовке специалистов сферы туризма

Аннотация. Сфера туризма составляет один из основных секторов экономики государства, идущего на любой путь развития. Различные типы туризма развиваются в разной степени в каждой стране согласно нескольким важным факторам, таким как наличие туристских ресурсов, расположение и климат. А в государствах, где образование, обеспечение обучения развито на высоком уровне, соответственно развивается наиболее новый и современный востребованный вид туризма – учебный туризм. В данной статье подробно описано понятие учебного туризма и его определение, особенности, уровень популярности среди туристов. Исследованы определения, мнения ученых мира по данному виду туризма. В целях изучения особого значения учебного туризма среди современных видов туризма были опрошены студенты-бакалавры первого и четвертого курсов специальности «Туризм» Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави в г. Туркестан, обучающиеся за рубежом в объеме семестрового срока обучения, а также преподаватели кафедры «Менеджмент и туризм», прошедшие научную стажировку за рубежом в целях повышения квалификации. Также был проведен онлайн-опрос среди преподавателей и студентов данного университета и кафедры «Туризм» Международного университета туризма и гостеприимства. В результате интервью и онлайн-анкетирования было доказано, что учебный туризм становится все более популярным и развивающимся среди обучающихся и преподавателей, в целом среди туристов. А также была изучена важность учебных путешествий в другие регионы в практическом закреплении теоретических знаний, характеристика особенностей учебного туризма как наиболее востребованного вида современного туризма.

Ключевые слова: подготовка кадров, учебный туризм, туристическое путешествие, образование, тематические экскурсии, академическая мобильность.

Кіріспе. Қазіргі таңда туризм саласы үшін мамандар арнайы орта, жоғары және қосымша білім беру орындарында даярланады. Әдетте оқыту процесі жұмыс берушілердің практикалық талаптарына толықтай сәйкес келе бермейтін білім беру стандарттары шеңберінде жүргізіледі [1].

Туристік білім берудің негізгі ерекшелігі – оның жан-жақтылығында. Ол түрлі мамандықтар мен экономикалық, техникалық, технологиялық, басқарушылық, ғылыми және басқа бағыттар бойынша кадрлар даярлайды. Нәтижесінде туристік білім беру туристік кадрларды даярлау және шетелдік тәжірибені пайдалану үшін инновациялық бағдарламаларды белсенді енгізуге мүмкіндік беретін күрделі, үнемі жетілдіріліп отыратын негізгі механизм болып табылады [2].

Жыл сайын туризм индустриясында туризмнің әртүрлі түрлерін біріктіріп қана қоймай, туризмнің белсенді түрлерінің бағыттарын басқа бағыттармен ұштастыруға мүмкіндік беретін, туристердің физикалық және ақыл-ой, танымдық белсенділігін қамтитын жаңа интегралды бағыттар пайда болуда. Көбінесе туризмнің белсенді түрлері танымдық туризммен үйлеседі, яғни олар пассивті емес, белсенді түрде болады [3].

Қазіргі таңда туризм саласы кез келген елдің экономикасының айтарлықтай маңызды секторларының біріне айналды. Ол ел экономикасының және мемлекеттің жалпы дамуының «көрінбейтін экспорт» өнімі ретінде тиімді көрсеткіші болып есептеледі. Көптеген мем-

лекеттер үшін туризм саласы экономикалық кірістердің басым бөлігін қалыптастыратын, даму перспективасы жылдам секторлардың бірегейі болып табылады. Яғни, туристік іс-әрекеттер халықаралық масштабтағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың біріне айналды [4]. Бүгінде туризм саласы кең ауқымдағы заманауи ұғымға ие болғандықтан, аталмыш саланың өз ерекшеліктеріне байланысты түрлері де көп. Туристік саяхаттар бірнеше мақсатта орын алуы мүмкін: танымдық, іскерлік, ойын-сауық, тынығу және т.б. Соның бірі бүгінде әлем бойынша кеңінен танымал болып саналатын білім беру және оқу туризмі. Туризмнің аталмыш түрі тұлғаның білім алу мақсатымен өзінің тұрғылықты жерінен кемінде 24 сағат уақытқа басқа аумақтарға ақы төленетін қызметпен байланысты емес сипатта орын ауыстыруын білдіре отырып, осы іс-әрекеттің туристік саяхатпен байланыстылығын сипаттайды.

Оқу туризмі туризм түрлерінің ішіндегі ең танымалдылыққа ие болып отырған тармақтарының бірі. Мақала тақырыбының өзектілігі қазіргі таңдағы әлем бойынша студенттер мен мұғалімдердің, білім алушылардың өз білімдері мен біліктіліктерін жетілдіру мақсатында өзге елдерге саяхат жасауымен байланысты іс-әрекеттерінің туристік саяхатпен ұштасуынан туындаған оқу туризмінің сұранысқа ие сипатымен байланысты. Тақырыптың өзектілігін айқындай келе, зерттеу мақсаты ретінде оқу туризмінің жеке бір тармақ сипатта жалпы туризмнің дамуындағы маңыздылығын

дәлелдеу белгіленді. Қойылған мақсатқа жету үшін бірнеше маңызды міндеттер қойылды:

Оқу туризмнің теориялық аспектілерін және мағынасын қарастыру;

Оқу туризмінің ерекшеліктері, шығу тарихы және маңыздылығы туралы әлем зерттеушілерінің еңбектеріне шолу жасау;

Оқу мақсатындағы туристердің іс-әрекеті туристік саяхаттың бір көрінісі екендігін дәлелдеп, сипаттау;

Аталмыш туризм түрінің бүгінгі таңдағы қоғам мүшелері арасында кеңінен танымал екендігін дәлелдеу мақсатында адамдардан сауалнама ала отырып, олардың кейбір оқу мақсатындағы саяхаттарының сипатына талдау жасау.

Оқу туризмі тақырыбында көптеген әлем зерттеушілері түрлі сипатта, бірақ ұқсас анықтамалар ұсынған. Зерттеушілердің барлығы оқу туризмін туризмнің ең маңызды және жылдар өте одан әрі маңызға ие бола алатын түрі ретінде атап көрсетті. Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДТҰ) анықтамасына сәйкес, оқу туризмі «білім алу және кәсіби даярлану мақсатымен жүзеге асатын, сондай-ақ, қысқа мерзімді курстардан өту, арнайы белгіленген кәсіби білім беру бағдарламаларына қатысу және осы әрекеттер арқылы белгілі бір қабілеттерді дамыту» деп түсіндіріледі [5].

А.О.Ясницкая мен И.В.Картавцеваның берген анықтамаларына сәйкес, оқу туризмі дегеніміз – демалыс пен оқу мақсатындағы әрекеттерді біріктіретін туризм түрі. Сондай-ақ, кез келген жаңа шетел тілін немесе басқа ғылым түрлерін меңгеру демалыстың бұл түрінің басты немесе қосалқы мақсаты бола алады. Оқу туризмнің жалпы мақсаты – мамандық пен кез келген кәсіби сферада біліктілік арттыру және танымдық мақсатты қанағаттандыру [6].

В.Д.Ивановтың зерттеулеріне сәйкес, қазіргі күннен күнге бір қалыптан өзге сипатқа дамып жатқан заманда жастар жаңа білімдер алып, өз білімдерін жетілдіріп отыруға ұмтылады. Сол себептен де, әлемдік білім беру кеңістігінде білім беруді интеграциялау және мәдениетаралық байланыс пен тілдік қаруларды терең меңгерген жаңаша образдағы заманауи мамандарды даярлау алдыңғы қатарлы маңызға ие мақсаттардың бірі болып табылады. Көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру білім беруде ерекше рөл ойнайды. Ал жаңа тілдерді меңгеру күннен күнге дамып жатқан әлемдегі процестерге тез бейімделуге мүмкіндік береді. Көптеген білім беру бағдарламалары, халықаралық академиялық алмасу бағдарламалары, тағылымдамаларға қатысудың

мүмкіндіктерін қолдана отырып, білім алушылар шет тілдерінде тек қана теориялық білім алып қана қоймайды. Олар тілдік ортаға кіре отырып, түрлі практикалық қабілеттерді үйренеді. Шетел тілдері тұлғаға әлеуметтендірудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді, бұл өз кезегінде басқа елдердің өкілдерімен коммуникативтік процесте, сол елдердің рухани және мәдени құндылықтарымен танысу барысында таптырмас құрал болып табылады [7].

Оқу туризмі жоғары білім беру жүйесі субъектілерімен байланысты ғана емес, орта білім беру жүйесі мекемелерінде де жүзеге асырыла алады. Мектеп оқушылары үшін де түрлі тақырыптық экскурсиялар, тур ұйымдастырылады. Мұндай экскурсиялардың негізгі бағыты пәндік мазмұнмен тікелей байланысты болып келеді. Ең қарапайым мысалдардың қатарына әдеби және тарихи, мәдени орындарға ұйымдастырылатын экскурсияларды, шын өмірде шетел тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатындағы практикалық бағдарламаларды жатқызуға болады. Оқу туризмінің тағы бір айта кететін ерекшелігі – туристердің жеке тұлғалық дамуынан бастап өздері саяхаттаған орындарды шынайы бақылаған сәтте білімді игеруге дейінгі уақыт аралығында білім алушыларға жаңа танымдық мүмкіндіктерді ұсынуында, олардың дүниетанымын кеңейтуінде [8].

Оқу туризмі мол білім мен ақпарат алуға көмектесетін туристік танымдық орындарға саяхаттаумен байланысты. Түрлі білім алуға және білім жетілдіруге бағытталған туристік қызметтер жалпы туристік өнімнің сапасын арттырады, саяхатшылар үшін оны тартымды әрі жан-жақты етеді [9].


Оқу туризмінің дамуына білім арудың қазіргі таңдағы экономикалық өсімнің ілгерілеуіндегі орнының маңыздылығы да түрткі болып есептеледі. Себебі білім алу адами капиталды дамыту мен түрлі тұлғалық қасиеттерді дамытуда елеулі орын алады. Бүгінгі таңда білім алу шекарааралық құбылыстардың біріне айналды. Жоғары білімді интернационаландыру да жаһандық мобильділікті арттырып, студенттерді әлемнің түрлі еліндегі жоғары білім беру орындарында оқуға итермеледі. Осылайша басқа мемлекеттерге білім алу және білім жетілдіру мақсатымен саяхаттау бүгінде туристер арасында оқу туризмі ретінде танымал болып, туризмдегі айтарлықтай маңызды орын алатын тармақтардың біріне айналды. Жоғары білімнің интернационалануының әсері әлем бойынша оқу мақсатымен саяхаттайтын туристер санының артуына әкелді.

Соңғы онжылдықтарда білім мақсатындағы туристер саны әлем бойынша едәуір артты. Оқу туризмінің дамуының нәтижесінде танымал болып отырған елдер мен құрлықтар қатарына Азия елдері, Малайзия кіреді. Сол себепті осы құрлықта орналасқан елдердің экономикасы үшін оқу туризмі жалпы туризм саласын жоғары деңгейге көтеретін катализатор болуы мүмкін [10].

Кейбір ғалымдардың пайымдауынша оқу мақсатындағы туристік саяхаттар студенттердің аудиторияда бақылап көруге болмайтын эксперименттерді жасауына, ғылыми эксперимент циклін орындауларына мүмкіндік береді. Дұрыс жоспарланған оқу мақсатындағы туристік саяхаттар студенттерді аудиторияда теориялық ақпаратты игеріп, ұғынылған материалдарды туристік саяхаттар арқылы практикалық тұрғыда бекіте түсуге мүмкіндік береді. Жалпы

оқу мақсатындағы саяхаттар жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтерудегі және студенттерге практикалық білім берудегі негізгі алғышарт болып есептеледі. Жоғары білім беру жүйесінде теориялық ақпаратты игеру өте маңызды, ал көптеген жұмыс беруші компаниялар теориялық ақпаратты терең игерген мамандарды ғана емес, практикалық тұрғыда икемді және тез бейімделгіш мамандарды іздейді. Сол үшін оқу және тәжірибелік қабілеттерді қатар меңгере отырып, халықаралық тәжірибе және оқу мақсатындағы турлар секілді әрекеттерді жасау арқылы студенттерді жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыруда оқу туризмінің алатын маңызы өте зор [11].

Оқу туризмі арқылы студенттердің білім алуға ынтасын арттырудың тұжырымдамасына сәйкес, туристік саяхат арқылы білім алу процесі бірнеше кезеңнен тұрады (1-сурет):



Ескертпе – мәліметтер [8] негізінде авторлармен құрастырылған.

1-сурет – Саяхат арқылы студенттің білім деңгейін жоғарылататын маңызды элементтер

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, оқу туризмі арқылы білім алу, оны тәжірибе арқылы шыңдау процесі 3 кезеңнен тұрады [11, б. 16]. 1-кезеңде білім алушы саяхат жасаудан бұрын академиялық пәннің мақсатына байланысты жоспар құрады. Жоспардың алгоритмі түрліше болуы мүмкін. Мысалы, ғылыми зерттеу жұмысы үшін эксперимент жасау, белгілі бір қоғамдық құбылыстың тұлғаның өз жеріндегі және өзге аумақтағы айырмашылықтарын сипаттау, алынған нәтижелер арқылы қорытынды жасау және т.б. Сонымен қатар, студент өзі зерттейтін объект туралы өзінің бастапқы түсініктерін қалыптастырып, қысқа әрі нақты ақпарат алады. Бұл процесс оқу аудиториясында жүзеге асады. Екінші са-

яхат барысындағы кезең студенттің туристік саяхат жасаған басқа территориясында өтеді. Яғни, саяхат өтетін қалада немесе мемлекетте студент нақты өзіне қажетті экспериментті жасайды, бақылаулар жүргізеді. Бұл кезеңде орындалатын әрекеттер туристік саяхатпен үндеседі. Саяхаттан кейінгі үшінші кезең қайтадан аудиторияда орын алады. Студент туристік саяхат барысында көрген, бақылаған тәжірибелерінің қорытындысын жасап, есебін дайындайды.

Оқу туризмінің интеграциялануының концептуалды моделіне сәйкес, туризмнің бұл түрінің дамуына бірнеше туристік объектілер жиынтығы қызмет етеді. Атап айтқанда: қонақ үйлер кешені, музыкалық білім алуға көмектесетін объектілер, спорттық залдар, кей-

теринг білім беру орындары, би саласындағы білім, мұражайлар, өнер объектілері және тарихи мұралар [12].

Жалпылай айтқанда, оқу туризмі студенттердің негізгі басым қажеттіліктеріне бағытталған. Олар: психологиялық, психо-физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, жаңа қабілеттерді игеруге, өзін-өзі бағалауға, интеллектуалды деңгейді жоғарылатуға, саяхаттауға, шығармашылық қабілеттерді дамытуға, өзгерістерге деген қажеттілік [13].

Оқу туризмін ұйымдастыратын мекемелер немесе консультанттардың, турагенттердің қатысуынсыз өз бетінше конференцияларға, стади-турларға қатысу, ел ішіндегі немесе өзге елдердегі университеттерде білім алу, мектеп жасындағы балалар үшін танымдық саяхаттар ұйымдастыру, сондай-ақ, халықаралық мобильділік бағдарламаларына қатысу да оқу туризмінің белсенділіктеріне кіреді [14].

Сонымен, оқу туризмі түрлі туристік қызмет көрсете алатын жол нұсқаушылар мен туристік мекемелердің ұйымдастыруымен, туристер мен туроператорлардың немесе турагенттіктердің қатысуымен жүзеге асатын, тынығу шаралары мен оқу-білім алу процестерін өзіне біріктіретін туризм түрі ретінде сипатталады [15].

Зерттеу әдістері мен әдістемелері. Тақырыптың маңыздылығын ашу және қойылған мақсатқа жету барысында бірнеше әдістер қолданылды. Ең бірінші тақырып төңірегіндегі зерттеу жұмыстарына шолу жасай отырып, өзіндік рефлексия және талдау жасау, сондай-ақ, алынған деректерді өңдеу, шет мемлекеттерге танымдық, оқу және біліктілік арттыру мақсатымен барған туристерден сауалнама ала отырып, сауалнама нәтижелерін өңдеп, қорытындылау арқылы зерттеу мақсатына қол жеткізілді. Сонымен қатар, қазіргі таңда шет мемлекеттерде мамандар үшін кәсіби біліктілік арттыру мен студенттер үшін білім алуды ұйымдастыратын ұйымдардың қызметі және олардың оқу туризмін дамытудағы рөлі зерделенді. Туристерден сауалнама алу бетпе-бет интервью және WhatsApp желісінің сауалнама функциясы арқылы жүргізілді: 1) университеттің «Туризм» мамандығы бойынша білім алатын студенттерінен және «Менеджмент және туризм» кафедрасы оқытушыларынан алынған бетпе-бет интервью мәтіні арқылы талдаулар жасалып, оқу туризмінің ерекшеліктері сипатталды; 2) WhatsApp желісінің сауалнама функциясы арқылы сауалнама сұрағы әзірленіп, топтық чатқа жіберілді. Сауалнамаға жауап бер-

ген респонденттердің саны – 208. Сауалнама мен сұхбаттың қорытындыларына байланысты оқу мақсатындағы туристік саяхаттардың жалпы тұтастай туризм ұғымының бір маңызды бөлімі бола алатындығы дәлелденді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Қазіргі таңда шет елдерде тұлғалардың біліктілік арттыруы мен білім жетілдіруін, оқу процесін шет елдерде жалғастыруын қамтамасыз ететін ұйымдар өте көп. Ол ұйымдардың барлығының атқаратын қызметі адамдардың шет мемлекеттерде білім алуын ұйымдастыра отырып, олардың осы мақсаттағы саяхаттарын туризммен сабақтастыру. Осындай оқу мақсатындағы белсенділіктерді туристік саяхаттармен байланыстыруға көмектесетін түрлі ұйымдар қызметінің оқу туризмін дамыту жолындағы нәтижелілігін дәлелдеу үшін бірнеше мысалдар келтіруге болады:

Шет мемлекеттерге туристік саяхат ұйымдастырумен айналысатын туристік операторлар немесе турагенттіктер өкілдері. Қазіргі таңда турагенттіктердің ішінде белгілі бір елге саяхат ұйымдастыра отырып, қызығушылық танытқан туристердің туризм саласындағы біліктіліктерін жетілдіре отырып, олардың өз турын сатып, турагенттік қызметпен айналысуына мүмкіндік беретін түрлері өте көп. Яғни, турист басқа елге саяхаттап барып, екінші жағынан өзін басқа қырынан дамытуға мүмкіндік алады. Мәселен, туристер жалпы базалық турпакеттің (ұшу, ұшып келу, қонақ үйде тұру, таңғы ас, трансфер, гид қызметі, медициналық сақтандыру) ішіне кіретін қызметтерді ала отырып, басқа да танымдық, білім жетілдіру белсенділіктерін орындай алады. Мұндай оқу мақсатындағы танымдық саяхаттар қонақ үйге келген сәттен бастау алады. Туристер қонақ үйде оларды күтіп, шығарып салу процесінің ерекшеліктерін, мейрамханаларда таңғы асты ұсыну ережесін, сондай-ақ, трансферлік қызметтің қалай дұрыс жүзеге асырылуын практикалық тұрғыда зерделей алады. Сонымен қатар, гид қызметі оларды түрлі көрнекті орындар мен қаланың әдемі жерлерін аралау барысында көптеген жаңа танымдық ақпараттармен таныстырады. Бұл да турагенттік қызмет саласында білімін жетілдіргісі келетін болашақ кәсіби маман үшін таптырмас мүмкіндік болып табылады. Кейбір туристік агенттіктер теориялық ақпарат пен практикалық білім беруді қатар жүзеге асырады. Яғни, туристер қалаға немесе мемлекетке саяхаттайды және олар үшін оқу курстарына, материалдарды және жаңа ақпаратты игеруге бөлек

уақыт арналады. Бұл тұлғалардың білім алуы мен саяхаттауының біріге отырып, білім алу процесінің тиімді болуына әкеледі.

Оқушылар мен студенттердің мектептен кейінгі, магистратура және докторантура деңгейінде білім алуын, ғылыми тағылымдамалардан өтуін ұйымдастырумен айналысатын ұйымдастырушы компаниялар бар. Олардың негізгі қызметі қызығушылық танытқан адамдарға шетелде оқу жөнінен кеңес беру, виза алу бойынша консультациялар ұйымдастыру және оқуға түскісі келетін студенттердің шетелдік университеттерге түсуін қамтамасыз ету, оқумен айналыса отырып, студенттердің қалаға саяхаттауы кезінде оларға консультациялық көмек көрсету. Сондай-ақ, мұндай компаниялардың көпшілігі туристердің белгілі бір шет мемлекетте білім алу үшін қажетті шетел тілін меңгеруін қамтамасыз ету мақсатында тілдік курстарды ұйымдастырады. Яғни, түйіндей келе, турист шет елде тек білім алып қана қоймай, сол елдің барлық көрікті туристік орындарымен, терең тарихымен, мәдениетімен, тілімен танысады. Осылайша, туристердің арасында тұлғааралық, мәдениетаралық байланыстар орнайды. Бұл өз кезегінде оқу туризмінің жалпы туризм салаларының ішіндегі маңызды орнын айқындайды.

Жоғарыда айтып өткендей, қазіргі таңда көптеген жоғары оқу орындары түрлі білім беру

бағдарламаларында білім алатын студенттердің университеттің шет мемлекеттердегі серіктес білім беру орындарына академиялық ауысым бағдарламалары бойынша кемінде бір оқу семестрі көлемінде оқуына жағдай жасайды. Оқу мақсатында шет мемлекетке барған кез келген студент сол елдің туристік орындарымен, мәдениетімен, тілімен танысу арқылы тек білім алып қана қоймайды, турист ретінде өзінің дүниетанымын кеңейтеді, жаңа орындармен танысады. Бұл тұлғаның бойында туристік саяхатты жиі жасауға деген құлшынысты арттыра түседі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдеу мақсатында Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Туризм» мамандығы бойынша бакалавр деңгейінде білім алатын бірінші және төртінші курс студенттерінен және біліктілік арттыру мақсатында шетелде ғылыми тағылымдамадан өткен оқытушылардан сұхбат алынған болатын. Сұхбатқа қатысқан студенттер саны – 15, оқытушылар саны – 5. Сұхбатқа жауап берген студенттер мен оқытушылардың барлығы академиялық мобильділік бағдарламасы бойынша Батыс Еуропа, АҚШ, Шығыс Еуропа және Шығыс Азия елдерінде бір семестрлік оқуда және ғылыми тағылымдамаларда болған. Респонденттерге қойылған сұрақ мәтіні төмендегіше болды (1-кесте):

1-кесте – Сұхбат алу барысында респонденттерге қойылған сұрақтар

№	Сұрақтар	Қосымша пікір
1	Шетелде оқу/білім жетілдіру барысында оқу мақсатынан бөлек қыдыру, көрікті орындарға саяхаттау сияқты белсенділіктерді орындай алдыңыз ба?	Респонденттің қосымша жауабы
2	Бұл белсенді туристік іс-әрекеттерді сіз сол елде болған уақыт аралығында қаншалықты орындадыңыз (аптасына/айына бір рет)?	Респонденттің қосымша жауабы
3	Сіз барған мемлекеттегі сізге ең ұнаған көрікті туристік орындар?	Респонденттің қосымша жауабы
4	Оқу материалдарын игеру барысында алған ақпараттарды практикалық тұрғыда бекіту үшін қандай туристік орындарға бардыңыз?	Респонденттің қосымша жауабы
5	Осы қалада/елде оқу әрі саяхаттаған аралықта сол қаланың/елдің тарихымен, мәдениетімен, тілімен жалпы тұтастай ерекшеліктерімен таныса алдыңыз ба?	Респонденттің қосымша жауабы
6	Сіздің көрнекі орындарға саяхаттауыңыздың оқудағы/білім жетілдірудегі жетістіктеріңізге қандай үлесі болды?	Респонденттің қосымша жауабы
7	Туристік орындарды аралау сіздің эмоциялық күйіңізге, оқуға шабытттануыңызға қалай әсер етті?	Респонденттің қосымша жауабы
8	Түрлі туристік орындарды тамашалау, зерттеу сізге оқудан бөлек, ғылыми жұмыстармен айналысуға қандай да бір деңгейде көмектесті ме?	Респонденттің қосымша жауабы
9	Шет мемлекетте оқу, білім алу барысында қосымша атқарған белсенділіктер (ойынсауық, тынығуға, эмоционалдық күйді жақсартуға бағытталған іс-әрекеттер және т.б.)	Респонденттің қосымша жауабы
10	Осы елде оқудың/білім жетілдірудің қандай артықшылықтарын айта аласыз?	Респонденттің қосымша жауабы

Ескертпе – мәліметтер авторлармен құрастырылған.


Жоғарыдағы кестеде көріп отырғанымыздай, студенттер мен оқытушылардан сұхбат алу барысында қолданылған сұрақтар тізімі көрсетілген. Сұхбат шетелде оқып немесе білім жетілдіріп келген тұлғалардың шынайы пікірі арқылы оқу мақсатымен болған саяхаттардың туризмнің дамуымен байланысын зерттеу мақсатында болды және сұрақтардың мазмұны да соған сәйкестендіріле отырып құрастырылды. Сұхбат қорытындысына сәйкес, білім алу және жетілдіру мақсатындағы туристік саяхаттардың халықаралық мәдениет алмасу мен жалпы туризмнің дамуындағы рөлінің маңыздылығы айқындалды. Атап айтқанда, бірінші сұрақ бойынша, респонденттердің барлығы оқу және білім жетілдіру мақсатынан бөлек, қыдыру, туристік орындарды тамашалау секілді белсенділіктерді орындаған. Сондай-ақ, олардың көпшілігі, осы туристік іс-әрекеттерді 2-3 күн сайын жүзеге асырып отырған, ең көп уақыт дегенде аптасына бір рет туристік орындарға саяхаттаған. Саяхат жасаған туристік орындардың қатарында Түркия мемлекетіндегі әлемге әйгілі Каппадокия, София мешіті, Сұлтанахмет мешіті, Галата мұнарасы, Қыз мұнарасы, Босфор бұғазы, Долма Бахче сарайы, Франциядағы Эйфель мұнарасы, Лувр мұражайы, Италиядағы Колизей амфитеатры, Пиза мұнарасы, Ұлыбританиядағы Букингем сарайы, Биг Бен мұнарасы, Тауэр көпірі және Чехиядағы Карлов көпірі туристерге ұнаған ең көрнекті орындар болып есептеледі. Теориялық материалдарды игеру барысында алған ақпараттарды практикалық тұрғыда бекіту үшін респонденттердің көпшілігі мұражайларды, көне тарихы бар мұнараларды, ғимараттарды тамашалаған. Шетелде білім алу мен жетілдіруге арналған бағдарламалардың мерзімі ең аз дегенде 1 айдан басталып, 4 айға дейін созылғандықтан, туристердің барлығы өздері барған елдің, жердің тұтастай мәдениетімен таныса алғандығын мәлімдеді. Саяхаттау мен туристік орындарға барудың оқудағы/білім жетілдірудегі үлесі туралы респонденттердің көпшілігі оқуға көбірек шабыттанды, теориялық білімді кейбір практикалық тапсырмаларды орындау арқылы шыңдау, эмоциялық күйлерінің жақсаруы арқылы оқу материалдарын тез әрі еш қиындықсыз игеруге көмектескенін атап өтті. Ал туристік орындарды аралаудың эмоциялық ахуалға, оқуға деген мотивацияға қалай әсер еткені туралы нақты артықшылықтардың қатарында түрлі көрнекі орындарды аралау ең бірінші адамның психологиялық ахуалының тынығуына, сол арқылы ақпаратты меңгеру процесі өте жыл-

дам жүретінін атап өтуге болады. Сегізінші сұрақ төңірегінде респонденттер түрлі туристік орындарды аралау ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге де айтарлықтай көмектескенін айтты. Әсіресе, әлемнің түрлі бұрышынан туристер өте көп келетін танымал орындарда ғылыми-зерттеу жұмысына қажетті сауалнамалар, интервью алуға көптеген мүмкіндіктер болатындығы ерекше аталды. Шетелде оқу/біліктілік арттыру барысында респонденттер көптеген мәдени-танымдық, ойын-сауық іс-шараларына қатысқан екен. Атап айтқанда, халықаралық көрмелер, авторлық экскурсиялар, концерттік бағдарламалар, воркшоптар, анимациялық шоу-бағдарламалары, гастро-фестивальдер және т.б. Бұл іс-әрекеттердің барлығы туризмнің бір бөлшегі ретінде қарастырылады. Қорыта айтқанда, респонденттер өздері барған елде оқудың, білім жетілдірудің бірнеше маңызды артықшылықтарын атап өтті. Олар: уақыттың жеткілікті болуына байланысты тек білім алып қана қоймай, сол елдің тілімен, ұлттық колоритімен, жалпы мәдениетімен толықтай танысуға мүмкіндік алу, оқу материалдарын теория жүзінде қабылдаған соң, оны тәжірибе жүзінде шыңдау және білім алудағы эмоционалды шаршау кезеңінде ақпаратты меңгеру, ерекше шабытпен оқу процесінің жеңіл болуы.

Шетелге барып, білім алған тұлғалардан тікелей сұхбат алу олардың оқу мақсатымен шет мемлекетке жасаған саяхаты олардың жалпы туристік іс-әрекеттерінің сапасына қаншалықты әсер еткендігін анықтауға көмектесті. Сонымен қатар, жалпы тұлғалардың оқу мақсатымен шет мемлекеттерге немесе ел ішіндегі өз тұрғылықты жерінен басқа аумақтарға саяхаттау деңгейін және алдағы уақытта осы білім алу мақсатымен өзге аймақтарға сапарлауға ынтасы мен қызығушылықтарының жалпы деңгейін зерделеу барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ-нің «Менеджмент және туризм» кафедрасының және Халықаралық туризм және меймандостық университетінің «Туризм» кафедрасының бірнеше білімгерлері мен оқытушыларынан WhatsApp желісінің сауалнама функциясы арқылы онлайн-сауалнама алынған болатын. Респонденттерге ең бірінші оқу туризмі мен жалпы туризм ұғымдары жайлы түсінік қалыптастыру үшін аталмыш ұғымдардың анықтамасы ұсынылды. Онлайн-сауалнамаға 208 респондент қатысты. Сауалнама сұрағының мәтіні «Сіз өзіңіздің тұрғылықты жеріңізден басқа аймақтарға немесе шет мемлекетке білім алу, оқу, жаңа білімдерді игеру немесе білім

жетілдіру, тағылымдамадан өту мақсатында, сондай-ақ осы әрекеттер арқылы жаңа елдерді аралап, көрнекі орындарға барып, саяхаттайсыз

ба?» түрінде және жауап нұсқаларымен қоса берілді. Сауалнама нәтижесі төмендегі суретте бейнеленген (2-сурет):



Ескертпе – мәліметтер сауалнама негізінде авторлармен құрастырылған.

2-сурет – Онлайн-сауалнама нәтижесі, (%)

Жоғарыдағы 2-суретте, WhatsApp желісі арқылы алынған сауалнама нәтижесі көрсетілген. Яғни, сауалнамаға жауап берген респонденттердің 40%-ы (83 адам) оқу және білім алу мақсатымен шетелге шыққан. Бұл жауап берген респонденттердің жалпы санына шаққанда жақсы көрсеткіш болып табылады. Демек, бұл көрсеткіш тұлғалардың шет мемлекеттерге шығып, ең кем дегенде белгілі бір уақыт аралығында туристік іс-әрекет жасағанын білдіреді. Тиісінше респонденттердің 34,6%-ы (35 адам) білім алу үшін саяхаттағысы келеді, бұл көрсеткіш олардың туризм туралы жалпы түсініктерінің қалыптасқандығының дәлелі. 16,8% (72) респондент осы уақытқа дейінгі мерзім шеңберінде бірде-бір рет шет елдерге шығып көрмеген, бірақ жоспарлап жүргендігін атап өтсе, 8,6% (18 адам) ғана респондент шет мемлекеттерге аталмыш мақсатта саяхаттаудың мүлде жоспарында жоқ екендігін көрсетті. Бұл нәтижелерден ұғатын негізгі ақпарат – қазіргі таңда тұлғалардың білім алу мақсатымен басқа аймақтарға саяхаттауы кеңінен орын алып жатқан құбылыстардың бірі екендігі. Респонденттердің жауаптарында көрсетілгендей, шет елдерге шығып көрмесе де, алдағы уақытта шыққысы келетін және жоспарлап жүрген адамдар өте көп. Демек, туризм және оның оқумен, білім алумен байланысты түрі – оқу туризмі туралы адамдардың ойында белгілі бір деңгейде

түсінік қалыптасқан деген сөз. Егер жоғарыда атап өткендей, білім беру орындарында түрлі академиялық мобильділік және тағылымдамадан өту бағдарламалары көбірек жүзеге асырылса және шет мемлекеттерге оқуға түсіруді ұйымдастыратын мекемелер саны артса, оқу туризмінің жалпы туризм саласы түрлерінің ішіндегі орны айшықтала түскен болар еді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, оқу туризмінің бүгінде әлем туристерінің арасында айрықша танымалдылыққа ие болып, дамып жатқаны тәжірибе жүзінде зерттеліп, дәлелденді. Оқу туризмінің дамуы білім ала отырып, саяхаттайтын тұлғалардың оқуға шабыттарының оянуына, оқу материалдарын еш қиындықсыз игеруіне және оқу бойынша алған теориялық ақпаратты тәжірибе жүзінде шыңдай білуіне үлкен мүмкіндіктер береді. Қазіргі таңда шет мемлекеттерде білімін жетілдіргісі келетін туристер мен жаңа тіл үйреніп, өз мамандығы бойынша алып жатқан білімін белгілі бір уақыт аралығында шет елдегі білім беру орындарында толықтырғысы келетін білім алушылар саны артуда. Бұл көрсеткіштердің артуы өз кезегінде оқу-білім алу мақсатындағы туристер көлемінің жоғарылауына алып келеді. Оқу туризмінің дамуы нәтижесіндегі туристердің халықаралық деңгейдегі саяхаттарының жүзеге асуы елдер арасында мәдениетаралық байланыстар мен туристік коммуникацияның түзілуіне әсер етеді.

Ал білім беру сферасы жоғары дәрежеде жолға қойылған мемлекеттерде оқу туристерінің санының артуымен байланысты жалпы экономикалық өсімдегі туризм деңгейінің өсуіне зор мүмкіндіктер ашылады.

Қаржылық ақпарат – Жұмыс AP19678230 ғылыми жобасы шеңберінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Әдебиеттер

- 1 Левина М.А. Подготовка кадров для туристского бизнеса // Современные проблемы науки и образования. – 2006. – № 1. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=74> (дата обращения: 14.03.2023).
- 2 Михайлова М.Н. О подготовке кадров для сферы туризма // Псковский регионологический журнал. – 2011. – №11. – С. 104-112.
- 3 Имангулова Т.В., Алдыбаев Б.Б., Губаренко А.В. Особенности подготовки и проведения культурно – массовых мероприятий для эколого-этнографического направления активных видов туризма // Теория и методика физической культуры. – 2022. – № 1(67). – С. 190-203. – DOI 10.48114/2306-5540_2022_1_190.
- 4 Глушко А.Н., Сазыкин А.М. География туризма. Учебное пособие. – Владивосток: ТИДОТ ДВГУ, 2002. – 265 с.
- 5 Пономарева Т.В. Образовательный туризм: сущность, цели и основные сегменты потребителей. «Проблемы современной экономики» // Матер. IV междунар. науч. конф. – Челябинск: Два комсомольца, 2015. – С. 139-142.
- 6 Ясницкая А. О., Картавцева И. В. Образовательный туризм как возможность изучения иностранного языка // Молодежь: образование, творчество, здоровье. – 2019. – С. 126-129.
- 7 Иванов В.Д. Образовательный туризм как перспективное направление молодежного туризма // Физическая культура. Спорт. Туризм. Двигательная рекреация. – 2019. – Т. 4. – №. 1. – С. 98-102.
- 8 Rátz T., Michalkó G., Keszeg R. Educational tourism and nation building: Cross-border school trips in the Carpathian Basin // Hungarian Geographical Bulletin. – 2020. – Т. 69. – No.1. – pp. 57-71. <https://doi.org/10.15201/hungeobull.69.1.5>
- 9 Popov B. et al. Conceptual aspects of the development of cultural and educational tourism on the basis of an object of cultural and historical heritage // 2nd International Conference on Contemporary Education, Social Sciences and Ecological Studies. – Atlantis Press, 2019. – pp. 833-837.
- 10 Tang C.F., Cheah Y.K., Chua S.Y. Does educational tourism significantly influence economic growth? Evidence from a macroeconomic modelling // International Journal of Business & Society. – 2019. – Т. 20. – No. 3. – pp. 924-935.
- 11 Poponi K.C. Educational tours as a learning mechanism in the learning experience of Tourism students: Tourism Management Walter Sisulu University (Ibika Campus) – 2019. – p. 16.
- 12 Budiman A., Hufad A., Purnomo P. Development of Campus Potential-Based Integration Education Tourism Model // 4th International Conference on Arts and Design Education (ICADE 2021). – Atlantis Press, 2022. – pp. 21-24. DOI 10.2991/assehr.k.220601.006
- 13 Dembovska I., Silicka I., Lubkina V. Educational tourism in the training of the future professionals // Proceedings of the International Scientific Conference. Society. Integration. Education. 2016. – pp. 245-255. DOI: <https://doi.org/10.17770/sie2016vol4.1561>
- 14 Ojo, B., & Rajayuso, R. EDU – Tourism destination selection process in an emerging economy // Journal of Tourism Management Research. – 2019. – Vol. 6. – pp. 45-59. doi:10.18488/journal.31.2019.61.45.59
- 15 Tomasi S., Paviotti G., Cavicchi A. Educational tourism and local development: The role of universities // Sustainability. – 2020. – Vol. 12. – No. 17. – pp. 6766. <https://doi.org/10.3390/su12176766>

References

- 1 Levina M.A. Podgotovka kadrov dlya turistskogo biznesa // Sovremennyye problemy nauki i obrazovaniya. – 2006. – № 1. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=74> (data obrashcheniya: 14.03.2023).
- 2 Mihajlova M.N. O podgotovke kadrov dlya sfery turizma // Pskovskij regionologicheskij zhurnal. – 2011. – №11. – S. 104-112.
- 3 Imangulova T.V., Aldybaev B.B., Gubarenko A.V. Osobennosti podgotovki i provedeniya kul'turno – massovyh meropriyatij dlya ekologoetnograficheskogo napravleniya aktivnyh vidov turizma // Teoriya i metodika fizicheskoy kul'tury. – 2022. – № 1(67). – S. 190-203. – DOI 10.48114/2306-5540_2022_1_190.
- 4 Glushko A.N., Sazykin A.M. Geografiya turizma. Uchebnoe posobie. – Vladivostok: TIDOT DVGU, 2002. – 265 s.
- 5 Ponomareva T.V. Obrazovatel'nyj turizm: sushchnost', celi i osnovnye segmenty potrebitel'ej. «Problemy sovremennoj ekonomiki» // Mater. IV mezhdunar. nauch. konf. – CHelyabinsk: Dva komsomol'ca, 2015. – S. 139-142.
- 6 YAsnickaya A. O., Kartavceva I. V. Obrazovatel'nyj turizm kak vozmozhnost' izucheniya inostrannogo yazyka // Molodezh': obrazovanie, tvorchestvo, zdorov'e. – 2019. – S. 126-129.
- 7 Ivanov V.D. Obrazovatel'nyj turizm kak perspektivnoe napravlenie molodyozhnogo turizma // Fizicheskaya kul'tura. Sport. Turizm. Dvigatel'naya rekreaciya. – 2019. – Т. 4. – №. 1. – S. 98-102.
- 8 Rátz T., Michalkó G., Keszeg R. Educational tourism and nation building: Cross-border school trips in the Carpathian Basin // Hungarian Geographical Bulletin. – 2020. – Т. 69. – No.1. – pp. 57-71. <https://doi.org/10.15201/hungeobull.69.1.5>
- 9 Popov B. et al. Conceptual aspects of the development of cultural and educational tourism on the basis of an object of cultural and historical heritage // 2nd International Conference on Contemporary Education, Social Sciences and Ecological Studies. – Atlantis Press, 2019. – pp. 833-837.
- 10 Tang C.F., Cheah Y.K., Chua S.Y. Does educational tourism significantly influence economic growth? Evidence from a macroeconomic modelling // International Journal of Business & Society. – 2019. – Т. 20. – No. 3. – pp. 924-935.

- 11 Poponi K.C. Educational tours as a learning mechanism in the learning experience of Tourism students: Tourism Management Walter Sisulu University (Ibika Campus) – 2019. – p. 16.
- 12 Budiman A., Hufad A., Purnomo P. Development of Campus Potential-Based Integration Education Tourism Model // 4th International Conference on Arts and Design Education (ICADE 2021). – Atlantis Press, 2022. – pp. 21-24. DOI 10.2991/assehr.k.220601.006
- 13 Dembovska I., Silicka I., Lubkina V. Educational tourism in the training of the future professionals // Proceedings of the International Scientific Conference. Society. Integration. Education. 2016. – pp. 245-255. DOI: <https://doi.org/10.17770/sie2016vol4.1561>
- 14 Ojo, B., & Rajayuso, R. EDU – Tourism destination selection process in an emerging economy // Journal of Tourism Management Research. – 2019. – Vol. 6. – pp. 45-59. doi:10.18488/journal.31.2019.61.45.59
- 15 Tomasi S., Paviotti G., Cavicchi A. Educational tourism and local development: The role of universities // Sustainability. – 2020. – Vol. 12. – No. 17. – pr. 6766. <https://doi.org/10.3390/su12176766>

<p>Хат-хабарға арналған автор (бірінші автор) Ризаходжаева Гульнара Абдумажитовна – PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан, e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6791-243X</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Ризаходжаева Гульнара Абдумажитовна – доктор PhD, ассоциированный профессор; Международный казахско- турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави; г. Туркестан, Казахстан, e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6791-243X</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Rizakhoyayeva Gulnara Abdumajitkizi – PhD, Associate Professor; Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh- Turkish University; Turkestan, Kazakhstan, e-mail: gulnara_rizahodja@mail.ru ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6791-243X</p>
--	---	--